Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

# Психобелсенді заттарды қабылдаумен байланысты экономикалық, әлеуметтік, ар-ождандық зардаптары

ҚАБЫЛДАҒАН: АЛПЫСБАЕВА Н. Б.

ОРЫНДАҒАН: БОРАНБАЕВА А. С.

ТОБЫ: ЖМ -104

# Жоспар

**I** Кіріспе

**II** Негізгі бөлім
Жасөспірімдер арасындағы ПАЗ-ды қабылдау зардаптары
ПАЗ-ды қолданудың ересектер, жасөспірімдер, әйелдер арасындағы көрсеткіштері
Қосымша қызықты ақпарат

**III** Қорытынды

**IV** Пайдаланылған әдебиеттер



# Тақырыптың мақсаты мен міндеті

Қазіргі күні ауытқушы мінез-құлық арасындағы ең жиі кездесетіні, әрі қауіптісі жеткіншектік жаста психотропты заттарды қолдану болып есептеледі. Бүгінгі таңда бұл мәселе мемлекеттік деңгейге жетіп отыр, себебі есірткі және психотропты заттарды қолданатын жеткіншектер санының өсуі мен жастар арасындағы заң және құқық бұзушылық көбеюде.

Білім беру жүйесінде профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу арқылы есірткілер мен психоактивті заттарды тұтынуға байланысты, олардың зияны және салдары туралы балалар, жасөспірімдер мен жастардың хабардылық деңгейін арттыру;

# Кіріспе

Психобелсенді
зат деген не?

Психоактивті зат — бір рет қабылдау кезінде субъективті жағымды психикалық көтеріңкі көңіл-күй, эйфория, белсенділіктің көтерілуі, тыныштандыратын, ал жүйелі түрде қолданғанда психикалық және физикалық тәуелділікті шақыратын химиялық зат.

ПАЗ-ды шектен тыс қолдану психикалық-физикалық тәуелділікке әкеледі. Ұзақ уақыт салынып ішу тұлғаның өзгерісіне дегредацияға және әлеуметтік адаптацияның болуына әкеледі.
ПАЗ-ды 3 топқа бөледі: алкоголь, наркотик, токсикалық заттар. Осы заттарды шектен тыс мөлшерде қабылдау, тәуелділік: алкоголизм, наркомания, токсикомания деп аталады.

Наркотиктер (есірткілер): заң бойынша рұқсат етілмеген немесе тәуелділікті шақыратын психоактивті затттар.

- Қиыншылықтан қорқу;
- Өмірлік құндылықтар жойылуы;
- Өзіне деген комплекс;
- Күшті, қызықты, батыл болуға қызығу;
- Басқаларға еліктеу;
- Қоғамда әлеуметтік қысым;
- Өмірді жақсарту мүмкін еместей сезім;
- Отбасындағы кикілжіңдер.

**....СОҢЫНДА ТӘУЕЛДІЛІККЕ ӘКЕЛЕДІ !!!**

Маскүнемдік, темекі шегушілік және нашақорлық қазіргі заманның әлеуметтік, экономикалық, психология-педагогикалық, медицина-биологиялық проблемалардың ең маңызды және өзектісі болып отыр. Ғалымдардың есептеуі бойынша маскүнемдік, темекі шегушілік және нашақорлық тек еркектердің ғана арасында емес, балалардың, жасөспірім, жеткіншектердің, әйелдердің де арасында ең басты дерт болып отыр.



Жасөспірімдер мен жастар арасындағы ПАЗ-ды қабылдау зардаптары

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы нашақорлық. Оның әлеуметтік салдары бар:

- қылмыстар мен адамгершілікке жат әрекеттер істеледі
- жеке тұлғаның және жалпы халықтың кері кетуі байқалады
- өлім, әсіресе жастар арасындағы өлім жағдайлары етек алуда
- ажырасулар көбеюде
- өмірге қауіп төндіретін дерттердің дамуы және берілуі байқалуда
- ауру және кеміс балалардың тууы

# Жасөспірімдердің ПАЗ-ды қолдану себептері:



# Наркомания (нашақорлық) синдромы

- Нашақорлық (гректің nark – қимылсыздық, mania – ессіздік, құштарлық мағанасында) – есірткі құрамдас немесе психотроптық, яғни оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын организмнің аса ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруіне, бұзылыстарына, кейде өлімге әкелетін дерт. «Есірткілерді тұтыну», «нашақорлық» және «наркотизм» сөздерінің мағанасын ажырата білген жөн. Есірткілік заттарды тұтыну алкоголь мен темекі тұтынуға ұқсас: бұлардың бәрі «зиянды ләззаттарға» жатады, өйткені олар тұтынушыға субъективтік ләззат сезімін сыйлайды, бірақ организмге зиянын тигізеді. Есірткілік заттарды тұтыну тек «ләззат алу» ғана емес, сондай-ақ дәрігермен дәрілік препарат (ауруды басатын, ұйықтататын, психостимулятор) ретінде берілуі мүмкін. Егер есірткілерді тұтыну үзіліссіз және үнемі болса, тұтынушының организмінде өзгерістер болады, нәтижесінде есірткілерден болатын тәндік немесе психикалық тәуелділік туындайды.
- Үнемі есірткілерді тұтынуға құштарлық нашақорлық деп аталады.

# Есірткілер немен қауіпті?

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқынуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.

Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және Заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ.

Нашақорлыққа шалдыққан науқас өмірінің орташа ұзақтығы 2-3 жыл.



Есірткі мен психотропты заттарды қолданудың әлеуметік-психологиялық салдары:

- Есірткі заттарға тәуелділіктің қалыптасуы;
- Интелектінің төмендеуі (ойлау, ес, қабылдау, зейін процестерінің бұзылуы);
- Иммунды және жыныстық жүйенің зақымдануы;
- Бүйрек және бауырдың бұзылуы;
- Тыныс алу мүшелерінің зақымдануы;
- өкпе рагінің және мидың қатерлі ісікке шалдығуы;
- невроздың пайда болуы;
- көңіл-күйдің өзгермелілігі, алаңдаушылық;
- ұйқының бұзылуы;
- қан қысымының көтерілуі;
- галлюцинациялар, сандырақтар;
- организмге су жетіспеуі, жүрек айнуы, апатия, депрессия.
- әлеуметтік шеттетілу;
- өз-өзіне қол жұмсау;

# Есірткі – адамның мынандай психикасын өзгертетін құрал:

- сезім;
- сана;
- қоршаған айналаны қабылдау;
- іс-әрекеті;
- Есірткіні қолдану заңмен реттеледі, есірткіні заңсыз қорғау және қолдану қылмыстық жауапкершілікті талап етеді.



# Есірткіге жатпайтын, бірақ үйреншікті әдетке айналдыратын заттар бар:

- ұйқы шақыратын және тыныштандыратын препараттар (дәрігер айтуынсыз қабылдау);

- әртүрлі тұрмыста қолданатын химиялық заттар.





# Бір рет қолданған есірткінің тигізетін залалы:

- Тыныстың бітуі мен жүрек қағысының тоқтауынан, ми мен бауырдың ауыр жарақат алуынан болатын өлім және есірткіні шамадан тыс қолдану;
- Өлімге дейін апаратын аллергиялық жағдай;
- Психикалық тәуелділіктің өсуі;
- Созылмалы аурудың асқынуы;
- СПИД және гепатит ауруын жұқтыру қаупі;
- Заңға байланысты туындайтын қиындықтар.

**Ұзақ мерзімде қолданған есірткінің залалы:**

- Әлеуметтік байланыстың бұзылуы (оқуға, жұмысқа байланысты проблемалар, достарын жоғалтып алу, отбасындағы кикілжің және т.б.);
- Заңға байланысты туындайтын тұрақты проблемалар;
- Адамның ақыл-есінің ауысуына дейін өзгеруі;
- Психикалық және физикалық тәуелділік;
- Созылмалы аурудың қозуы (туберкулез, бауыр, бүйрек, жүрек қызметінің бұзылуы, иммунитеттің бұзылуы);
- Жыныс жолдары арқылы берілетін қауіпті жұқпалы аурулар;
- Тұқым қуалаушылыққа әсері;
- Шамадан тыс қолдану өлімге әкеледі.

- Есірткі қолданған жеткіншектің өмірге деген көзқарасы өзгереді, оның бұрынғы араласқан достары өзгереді, ендігі жерде ол өзіне ұқсас балалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Оның өмірлік жоспарлары болмайды, дүниеге деген көзқарас, өмір жайлы пікірлері тарыла бастайды. Есірткіге тәуелді болған жеткіншек тек бір ғана күнмен өмір сүреді, оның мақсаты сол бір күнін ақша, есірткі табуға кетіру. Жеткіншектің отбасындағы ата-анасымен қатынасы өзгереді, ол үйден жиі қашып, ата-ананың айтқанын тыңдамайды. Үйден ақша ұрлап, есіркі табу жолын ғана іздейді. Мектептегі жағдай да өзгереді, бала сабақтан көп қалады, кейін сабаққа мүлде қатыспайды. Оның уақыты нашақорлар тобында өтеді.







- Жүйелі түрде психотропты заттарды қабылдаған кезде, жеткіншектің соматикалық өзгерістері пайда болады. Жеткіншектің физиологиялық тәуелділігі пайда болады. Оның жұмысқа қабілеттілігі азаяды. Баланың интеллектуалды қабілеттілігі төмендейді, ұйқысыздық, мазасыздық пайда болады. Жеткіншек жастағы баланың зейіні шашыраңқы бола бастайды.  Мұндай кезде өзбетімен болуға ұмтылу, отбасылық қамқорлықтан бас тарту жеткіншек тарапынан қарқынды көріне бастайды. Жиі жеткіншек ата-анасына қарсылық білдіру үшін өзінің қызығушылығына сейкес болмаса да, мінез-құлықты көрсете бастайды. Психотропты заттардан жеткіншектің денсаулығы және өзін-өзі сезінуі әлсірейді, галюцинациялар пайда болады, сандырақтайды, жалған елестер көз алдына көрінеді.
- Физиологиялық жағынан психотрпоты заттарға ағза төзімді болады. Психотропты заттар адамның миына және басқа да мүшелеріне көп уақытта әсер етпейді. Психотропты заттарды жүйелі түрде қабылдап, оның әсерін сезіну үшін жеткіншек олардың мөлшерін көбейтіп отырады. Әрине мұның нәтижесінде психикалық тәуелділік пайда болады.

- Психотропты заттарды қабылдайтын жеткіншектердің көбінде самото-жыныстық бұзылыстары пайда болады. Психотропты заттардың токсиндік әсері  қалқанша безінің қызметін бұзады, денесінің өсіп жетілуіне зиянды әсер етеді. Ұл балалардың иықтары кішкентай, денесі толады. Әсіресе, спирттік ішімдікті жүйелі түрде қабылдаған кезде, ұл балаларда әйел гормондары қарқынды артады.
- Психотропты заттар жыныстық гормондар мен Е витаминінің деңгейін төмендетеді, әлі беки қоймаған жыныстық жасушаларды бұзып, ерте белсіздік пен ұрықсыздыққа ұрынады. Психотропты заттарды қабылдаушы қыз балаларда етеккірдің тежелуі және жүкті болу мүмкіндігін ерте жоғалту жиі кездеседі. Бала көтере алмау психобелсенді заттарды қабылтайтын әйелдер арасында 8 есе артық кездеседі.







- Жиі жеткіншектер психотропты заттарға қол жеткізбегендіктен, психикаға әсер ететін басқа да токсинді (клей, жанар май және т.с.с.) заттады қабылдауға тырысады. Жеткіншектер психотропты заттардан ләззат алу үшін оларды спирттік сусындармен араластырып қабылдайды.



Нашақорлар мен маскүнемдер өздерінің қылықтары мен әрекеттерін қадағалай алмай, жауапкершілік сезімдерін жоғалту арқылы қоршаған ортаға әлеуметтік зиян тигізулері мүмкін.

- Нашақорлық көптеген түрлі қылмыстарға итермелейді. Есірткілерге деген сұраныс оны коммерциялық сатуға тыйым салу жағдайында жасырын есірткі бизнесі мен наркомафияны туғызады. Есірткілерді тарату мен нашақорлар қызметіне байланысты басқа да қылмыс түрлері көбеюде. Егер есірткілік заттарды тәуліктік қабылдауға нашақордың қажеттілігі аса жоғары болса, бұл жағдайда кезекті дозаға ақша табу үшін, нашақор кез келген қылмысқа баруы мүмкін. Ол қоғаммен байланысты жоғалтады, сондықтан қылмыс істеуге әрқашан дайын. Нашақорлықтың салдарын бағалауда күрделі есірткілер (героин, крэк, кокаин) мен жеңіл есірткілердің (гашиш, марихуана) айырмашылығын ескерген жөн. Өлімге әкелетін күрделі есірткілер аса қауіпті. Жеңіл есірткілердің зиянын тұтынуға рұқсат етілген алкогольдік және темекі өнімдерінің салдарымен салыстыруға болады.





# Темекі шегушілер өз жақындарының денсаулығын ойламайды, былайша айтқанда оларды да өзімен бірге «темекі шегулеріне» мәжбүрлейді.

Темекінің түтіні арқылы асқынатын аурулардан жыл сайын әлемде 1,5 миллионға жуық адам өледі екен. Шылым шегу адам иммунитетін төмендетеді, еңбекке жарамсыздыққа ерте ұшырауға әкеліп соқтырады. Темекінің жануынан туған көміртек тотығы адам ағзасына тамырдағы қан арқылы тарап, ағзаны оттегімен қамтамасыз етуші эритроциттердің өміршеңдігін төмендетеді, сол арқылы қанайналым жүйесі бұзылып, көптеген аурулар туады: қан ұйуы пайда болып, аяқ-қолдағы қан айналым жүйесін бұзады. Уақыт өте келе аяқтың ұстамалы ақсауы және буынның, тамырдың басқа да аурулары асқынады.

Темекені үнемі шегетін адамның сырт бейнесіне де өзгерістер енеді: тырнағы, тісі сарғайып, шашының талы жұқарып, сынғыш келеді, табиғи жылтырауын жоғалтады.

Темекі шегуші тек өзіне ғана емес, өз жақындарының да денсаулығына қауіп төндіреді. Темекі шегуші темекі түтінінің 25%-ын жұтатыны белгілі, ал қалған төрттен үш бөлігі сол түтінді жұтуға мәжбүр болғандарға бұйырады, осылайша олар «ырықсыз темекі шегушілер» қатарына жатады.

Ырықсыз темекі шегуші үнемі темекі шегілетін бөлмеде болса, бір сағаттың өзінде жарты темекі шеккенде алынатын зиянды заттарды қабылдайды екен. Осылайша ол да темекі шегушіде болатын денсаулық ақауларына ұшырайды. Сондықтан, темекі шегу жеке бастың ісі деп қана қарауға мүлдем болмайды.

# Темекінің құрамы:




смерть в 60 лет
РАК
ИМПОТЕНЦИЯ
ЯЗВА
ЗУБНОЙ НАЛЁТ
ЗАВИСИМОСТЬ
- 60 лет
- 50 лет
- 40 лет
- 30 лет
- 20 лет
- 15 лет
- первая
Алексей Кремлев
УВЛЕКАТЕЛЬНАЯ ЖИЗНЬ?

# Маскүнемдік

- Ішімдік - бір жағынан энергетикалық ыдыста, екінші жағынан – психоактивті зат, былайша айтқанда рұқсат етілген наша. Халық арасында ішімдіктің арқасында бойды еркін ұстау, босаңсу, ширығу, мазасыздықтан құтылуға болады деген сияқты жалған түсінік бар. Ішімдіктің салдарынан босаңсу мен көңіл-күйдің уақытша көтерілуінің астарында адам ағзасы биохимиялық табиғаты бар жаңа залалға ұшырайды. Көп мөлшерде ішімдік пайдалану, сондай-ақ оның ағзада құрылатын өнімі сіркесулы альдегид ми мен жүрек қызметіне қысым көрсетеді: ағза тіндерінде оттегі жетіспеушілігі туып, адам әлсізденіп, шаршап, әлсірейді. Көңіл-күйі бірден төмендейді. Бұндай жағдайдағы адам сабырсыздыққа бой алдырып, ес-түсінен айырылып, өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмайтындай жағдайға душар болады.
- Сонымен қатар, ішімдіктен уланған жеткіншек артикуляциясы, сөздері анық естіелмейді, қозғалыстары тепе-теңдікті ұстамайды, бет әлпеті бозарады, сөздері қайталанады. Мұндай күйде жеткіншектер қылмысқа баруы мүмкін.



# Сіз не таңдайсыз?



# Статистика не сөйлейді







Источник: Оценки ЮНОДК на основе данных ВЕД и других официальных источников.

# Қазақстанда

- ҚР ДСМ нашақорлықтың медико-әлеуметтік ғылыми-практикалық Республикалық орталығының деректері бойынша 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы психоактивті заттарды тұтынудан туындаған психикалық және тәртіптік бұзылыстар диагнозы алғаш анықталған тұлғалар саны 61 396 адамнан 60 609 адамға (100 мың халық санына 390,4-тен 381,5-ке дейін) азайды. Бұл көрсеткіш республикалық көрсеткіштен жоғары Алматы қаласында (1351,1), Шығыс Қазақстан обл. (649,7), Атырау обл. (438,7), Қарағанды обл. (432,7), Павлодар обл. (424,9), Қызылорда обл. (354,0), Солтүстік Қазақстан обл. (336,2) және Астана қаласында (333,0).
- Нашақорлықтың медико-әлеуметтік проблемалары Республикалық ғылыми-практикалық орталығының деректері бойынша Қазақстанда жасөспірімдер арасында нашақорлыққа бастапқы шалдығу 2009 жылы 100 мың тұрғын халыққа 564,2 құрады, атап айтқанда 2008 жылмен салыстырғанда (100 мың тұрғын халыққа 473,6) 20% өсті. Алкогольдік, седативтік және ұйықтататын заттарды, стимуляторларды, темекіні, сондай-ақ олардың қоспаларынан туындайтын тәуелділік өскені байқалады. Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың ең жоғары көрсеткіші Алматы қаласында анықталды (100 мың жасөспірімге 2320,6).
- Сонымен қатар, нашақорлыққа шалдығу балалар арасында 20% төмендеді және 2009 жылы 100 мың халық санына 13,5 құрады (2008 жылы – 14,9).

# ОҚО-да

- 2014 жылдың 1-ші тоқсанында ОҚО-да 2807 нашақор тіркелген, оның 219- әйел, 27- алғаш нашақор болып тіркелген. 2013 жылдың 1-ші тоқсанында 2854 нашақор тіркелген. Оның 225 – әйел, 42- алғаш тіркелген нашақор.
- Кентау қаласында 2014 жылдың 1-ші тоқсанында 12 нашақор тіркелді. Оның 1 әйел. 2013 жылдың 1-ші тоқсанында 19 нашақор тіркелген. Оның 1 әйел. Қуантарлық жайт облыста және біздің қалада былтырмен салыстырғанда көрсеткіш едәуір төмендеген.
- Стстистикалық мәлімет бойынша әр 6 минут сайын жер бетінде 1 нашақор пайда болады екен. Нашақор 35 жасқа жетпей қайтыс болады, ал жасөспірім нашақорлар өмірінің орташа ұзақтығы есірткі пайдалана бастаған соң 5 жыл, ал 1-2 байқап көрудің өзі адамды наша таратушылардың құлы етеді, мүгедіктікке апарады.

# Дүние жүзінде



# Қорытынды

- Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) есірткілер мен қылмыс бойынша Басқармасының 2008 жылғы деректеріне сәйкес, әлемде есірткі тұтынуда тәжірибесі бар 200 млн. адам бар, 110 млн. есірткілерді салына тұтынады және 25 млн. адам есірткілерге тәуелділіктен зардап шегеді. Нашақорлық таралуының қауіпі оның қайтарымсыздығында, жас тұрғындар мен халықтың әлеуметтік осал топтарының денсаулығын зақымдауында, осыған байланысты оның медициналық және әлеуметтік салдарының маңыздылығында. Есірткілерді тұтыну деңгейіне қылмыстық істер, қайғылы оқиғалар, жарақаттанулар, уланулар, кісі өлтірулер мен өзі өзіне қол жұмсаулар саны тікелей байланысты.
- Жоғарыда айтылғандардың тобықтай түйінін айтатын болсақ, өз денсаулығын ойлаған, өзіне жақсылық тілеген, салауатты өмір салтын ұстанғысы келген, өзінің, туған-туыстарының, қоршаған ортаның жағдайын ойлаған адам өзінің зиянды қылықтарынан бас тартуы керек! Темекімен қоштасып, ішімдікке, нашаға бой алдырмай, оларды өз проблемаларын шешуші құрал ретінде қарамай, ішімдікті мүлдем қойып кетуі абзал.

Қосымша қызықты ақпарат



«Мен білетін жалғыз сұлулық – денсаулық».

Генрих Гейне



# Пайдаланылған әдебиеттер


- 1.Алемаскин М. А. Психологическая характеристика личности подростков- правонарушителей "Вопросы изучения детей с отклонениями в поведении". -М., 1968г. 2. Ваисов С.Б.- Наркомания и алкогольная зависимость, практическое руководство по реабилитации детей и подростков. Изд: Спб. Наука и техника, 2008-272с. 3. Клейберг Психология девиантного (отклоняющегося) поведения// а. Вопросы психологии. № 2, 1998. С.141-146.
- Н. Алпысбаева
- http://kaz.hls.kz/
- ҚБЖАА инфекционист дәрігері Ярмамбетов К.Б.әй